

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Арқалық қаласы білім бөлімінің Аңғар негізгі орта мектебі» КММ**

**ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫНАН ТЕГІН ЫСТЫҚ
ТАМАҚПЕН ТАМАҚТАНУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША КОМИССИЯ
МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ №3 ХАТТАМАСЫ**

Күні: 15.11.2024ж.

Қатысқандар, БРАКЕРАЖДЫҚ КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ:

1. Мектеп директоры – Г.К. Досмағамбетов
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Дуйсембаева Г.А.
3. Қамқоршылық кеңес мүшесі – Оспанова Ж.Е.
4. Әлеуметтік педагог-Ахметқали А.Б.
5. Медбике – Марденова С.Б.

Барлығы: 5 адам

Күн тәртібінде:

1. Жалпыға бірдей білім беру қорынан аталған санаттағы оқушыларды ыстық тамақ және қоғамдық тамақтандырумен қамтамасыз етуге байланысты жұмыстарды атқару қорытындысы, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау.
2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы

Тыңдалды:

Комиссия мүшелерінің отырысының №2 хаттамасының шешіміне сәйкес ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру жалғасуда. Асхананың ішкі бөлігіндегі көкөніс сақтау, ет-сүт өнімдерін сақтайтын тоңазытқыш түгелдей тексерілді. Аталған азық-түлік өнімдері талапқа сай, сертификаттары бар екендігі анықталды. Асхананың тамақ жасауға арналған плиталар мен ыдыстардың және ыдыс жуатын орынның тазалағы тексерілді.

Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануы бақылауға алынды. Ыстық тамақтың сапасы белгіленген нормаға сәйкес орындалып, ыстық тамақ уақытылы беріліп отырады. Оқушылардың ыстық тамаққа баруын сынып жетекшілері үнемі қадағалап отырады.

1. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Биржанов Б.С. Жалпыға бірдей білім беру қорынан аталған санаттағы оқушыларды ыстық тамақ және қоғамдық тамақтандырумен қамтамасыз етуге байланысты жұмыстарды атқару қорытындысы, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау туралы.

Қараша айында мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітіліп, құжаттар рәсімделіп, ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітілді.

Қазан айында Аңғар негізгі орта мектебінен басқа оқу мекемесіне кетуіне байланысты ЖБББ қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар тізімінен келесі оқушылар шығарылды:

1) Жарасбай Алихан – 2 сынып оқушысы (негіздемесі – Мектеп есебінен шығару туралы №41 бұйрық, 07.10.2024ж.)

2) Жеңіс Арсен – 1 сынып оқушысы (негіздемесі – Мектеп есебінен шығару туралы №42 бұйрық, 18.10.2024ж.)

Қараша айы бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 26-ны құрап отыр. Оның ішінде 1-4 сынып оқушыларының саны 18 болса, 5-9 сынып оқушыларының саны 18 құрайды.

Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Оқушылардың ыстық тамаққа баруы 1 уақытта ұйымдастырылды.

І ауысым

1-9 сынып оқушылары – 09.35

2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы

Тексеру комиссиясының кестесіне сәйкес комиссия мүшелері ыстық тамақтың сапасын тексеру бойынша рейдтерді уақытылы өткізді. Қараша айындағы тексерудің нәтижесі төмендегідей.

Мектеп асханасының жұмысын тексеру барысында ыстық тамақтың сапасы белгіленген нормаға сәйкес орындалып жатқанын анықтадық. Аз қамтылған отбасынан, толық емес отбасындағы, көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен тегін ыстық тамақпен қамтылған. Жалпы қамтылған оқушылар саны –26. Бұл оқушылар күнделікті белгіленген уақытта тамақтанып жүр.

Комиссия мүшелері асхана жұмысын тексере отырып, мына төмендегі жұмыстарды тексеріп, бақылады. Тексеріс асхана залының жалпы тазалығын және оқушылардың қол жуатын орнынан басталды. Асхананың ішкі таза. Сонымен қатар, асхананың ет-сүт өнімдерін сақтайтын тоңазытқыш түгелдей тексерілді. Аталған азық-түлік өнімдері талапқа сай, сертификаттары бар екендігі анықталды. Асхананың тамақ жасауға арналған плиталар мен ыдыстардың және ыдыс жуатын жердің тазалағы тексерілді.

Асхана қызметкерлерінің жеке медициналық кітапшалары бар.

Мектеп асханасында ата-аналар, ұстаздар, оқушылардың шағымы мен ұсыныстары үшін, арыз-шағым дәптері бар. Дегенмен, ешқандай арыз-шағым түскен жоқ. Ата-анамен сынып жетекшілер арқылы байланысып, ата-аналардың мектеп асханасындағы ыстық тамақ туралы кері байланыс алып отырмыз. Әзірге, баға-қанағаттанарлық.

Шешімі:

1. Ыстық тамақтың сапасын арттыру мақсатында ата-аналардан кері байланыс алынсын.

2. 2024-2025 оқу жылында асхана жұмысы барлық санитарлық талаптарға сай ұйымдастырылсын.

Қатысушылар:

Бракераждық комиссия мүшелері:

1. Досмагамбетов Гайдар Кайсерович



2. Дуйсембаева Гулимжан Арстановна



3. Оспанова Жанар Егинбаевна



4. Ахметқали Айтқұл Бақытбекқызы



5. Марденова Сымбат Боранбайқызы


